

Қазақстан Республикасының ішкі істер органдарына қызметке (жұмысқа), оқуға қабылданушылар үшін дене бітімі көрсеткіштері бойынша нормативтерді бекіту туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің 2007 жылғы 11 мамырдағы N 203 Бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2007 жылғы 11 маусымда Нормативтік құқықтық кесімдерді мемлекеттік тіркеудің тізіліміне N 4721 болып енгізілді. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 2011 жылғы 26 сәуірдегі N 186 Бұйрығымен.

Күші жойылды - ҚР Ішкі істер министрінің 2011.04.26 N 186 (ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) Бұйрығымен.

"Қазақстан Республикасының ішкі істер органдары туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 15-бабына сәйкес және Қазақстан Республикасының ішкі істер органдарына қызметке кадрларды дене бітімі көрсеткіштері бойынша іріктеу жүйесін жетілдіру мақсатында **БҰЙЫРАМЫН** :

1 . М ы н а л а р :

1) Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің (бұдан әрі - ПМ) жоғарғы және орта кәсіптік оқу орындарына түсушілер үшін дене бітімі көрсеткіштері бойынша нормативтер (1-қосымша);

2) Қазақстан Республикасының ішкі істер органдарындағы жұмысқа жаңадан қабылданатын адамдар үшін дене бітімі көрсеткіштері бойынша нормативтер (2-қосымша) бекітілсін.

2. ПМ оқу орындарының басшылары үміткерлерді дене бітімі көрсеткіштері бойынша іріктеуді осы бұйрықтың талаптарына сәйкес (1, 2-қосымшалар) жүзеге асырсын.

3. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде 2001 жылғы 31 шілдеде N 1603 болып тіркелген "Қазақстан Республикасы ПМ ішкі істер органдарында және оқу орындарында дене шынықтыру және атыс дайындығын, бұқаралық дене шынықтыру - спорт жұмыстарын одан әрі жақсарту жөніндегі шаралар туралы" Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 2001 жылғы 25 маусымдағы N 497 бұйрығының күші жойылды деп есептелсін.

4. Мемлекеттік тіркеу бойынша міндет және осы бұйрықтың орындалуын бақылау ПМ-нің Кадр жұмысы департаментіне (Ә.А.Ақанов) жүктелсін.

5. Осы бұйрық алғаш ресми жарияланған күнінен кейін он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Министрдің міндетін атқарушы
полиция генерал-майоры*

Қазақстан Республикасы
Ішкі істер министрінің
2007 жылғы»11 мамырдағы
N 203 бұйрығына

1-қосымша

Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің жоғарғы және орта кәсіптік оқу орындарына түсушілер үшін дене бітімі көрсеткіштері бойынша нормативтер

1. Жігіттер үшін

N p/c	Тест атауы	Президенттік әзірлік деңгейі	Ұлттық әзірлік деңгейі	Баға		
				өте жақсы	жақсы	қанағаттан
1.	100 м-ге жүгіру	12.8	13.0	13.2	13.7	14.2
2.	3000 м-ге (кросс мин . сек.) жүгіру	12.00	12.40	13.00	14.00	15.0
3.	Тартылу (тартылу саны)	18	15	13	11	9

2. Қыздар үшін

N p/c	Тест атауы	Президенттік әзірлік деңгейі	Ұлттық әзірлік деңгейі	Баға		
				өте жақсы	жақсы	қанағаттан
1.	100 м-ге жүгіру (секундка)	15.0	15.5	16.0	16.5	17.0
2.	1000 м-ге жүгіру	4.20	4.40	5.00	5.30	6.00
3.	Арқамен жатқан қалпында кеудені көтеру (көтеру саны)	30	25	25	20	15

Ескерту: егер тесттен өтуші тест кезінде бір ғана қанағаттанарлықсыз деген баға алып, қалғандары»жақсы деген бағадан төмен болмаған жағдайда, дене шынықтыру даярлығы бойынша тест тапсырылды деп есептеледі.

Мысалы: тартылу - "жақсы", 100 метрге жүгіру - "жақсы", 3000 метрге жүгіру - "қанағаттанарлықсыз" - тест тапсырылды.

Тартылу - "өте жақсы", 100 метрге жүгіру - "қанағаттанарлық", 3000 метрге жүгіру - "қанағаттанарлықсыз" - тест тапсырылған жоқ.

Қазақстан Республикасы
Ішкі істер министрінің
2007 жылғы»11 мамырдағы
N 203 бұйрығына

2-қосымша

**Қазақстан Республикасының ішкі істер органдарындағы
жұмысқа жаңадан қабылданатын адамдар үшін дене
бітімі көрсеткіштері бойынша нормативтер**

1. Ерлерге (жігіттерге) арналған жалпы жаттығулар

р/с N	Бөлімше атауы	Баға	Медициналық - жас топтары			
			21-ге дейін	21-27	28-34	35 және жоғары
1	2	3	4	5	6	7
1	Салмада тартылу (тартылу саны)	өте жақсы жақсы қанағат.	1 6	1 5	1 3	1 1
			1 4	1 3	1 1	9
			12	11	9	7
2	100 метрге жүгіру (секунд.)	өте жақсы жақсы қанағат	1 2 . 8	1 3 . 0	1 3 . 5	1 4 . 0
			1 3 . 3	1 3 . 5	1 4 . 0	1 4 . 5
			13.8	14.0	14.5	15.0
3	2400 метрге 1,5 миль (мин., сек) жүгіру	өте жақсы жақсы қанағат	1 1 . 4 0	1 2 . 0 4	1 2 . 4 0	1 2 . 2 5
			1 2 . 0 5	1 3 . 4 0	1 4 . 0 0	1 4 . 1 0
			12.40	14.25	15.30	15.36

2. Әйелдерге арналған жалпы жаттығулар (қыздар)

р/с N	Бөлімше атауы	Баға	Медициналық - жас топтары			
			21-ге дейін	21-25	26-30	31 және жоғары
1	2	3	4	5	6	7
1.	100 метрге жүгіру (секунд.)	өте жақсы жақсы қанағат	1 5 . 0	1 6 . 0	1 6 . 5	1 7 . 0
			1 5 . 5	1 6 . 5	1 7 . 0	1 7 . 5
			16.0	17.0	17.5	18.0
2	1.5 мильге (2400 метрге) (мин.сек) жүгіру	өте жақсы жақсы қанағат	1 3 . 0	1 3 . 5 0	1 4 . 2 6	1 4 . 3 0
			1 3 . 3 0	1 4 . 3 0	1 5 . 3 0	1 6 . 1 0
			14.00	16.06	16.10	16.54
3	күш жаттығулары кешені (1 мин. орындау саны)	өте жақсы жақсы қанағат.	4 0	3 5	3 0	2 6
			3 5	3 0	2 6	2 2
			30	25	22	18

Ескерту: егер тесттен өтуші тест кезінде бір ғана қанағаттанарлықсыз деген баға алып, жалпы орташа бағасы қанағаттанарлық деп бағаланған жағдайда, дене шынықтыру даярлығы бойынша тест тапсырылды деп есептеледі.

Мысалы: "тартылу»жақсы", 100 метрге жүгіру - "қанағаттанарлық", 2400 метрге жүгіру "қанағаттанарлықсыз" - тест тапсырылды.

Тартылу - "өте жақсы", 100 метрге - "қанағаттанарлықсыз", 2400 метрге жүгіру - "қанағаттанарлықсыз" - тест тапсырылған жоқ.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК